

Ақмола облысының мәдениет басқармасы жанындағы «Көкшетау» мәдениет сарайы» МКҚК ұжымының қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысы туралы ұжымды хабардар ету жөніндегі отырысының хаттамасы.

Көкшетау қ.

« 23 » маусым 2026 жыл

Өткізу орны: Ақмола облысының мәдениет басқармасы жанындағы «Көкшетау» мәдениет сарайы» МКҚК

Төраға: Директор А.Н.Курманова

Хатшы: Әкімші А.З. Биниева

Қатысты: құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері.

Күн тәртібі: қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысы туралы ұжымды хабардар ету.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша төраға Курманова А.Н. сөз сөйледі:

Мемлекет басшысы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, деп хабарлайды Tengrinews.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Бұған дейін хабарланғандай, заңмен мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу тетігі енгізіледі, сондай-ақ осындай қақтығыстың алдын алу және реттеу жөнінде шаралар қабылдамағаны үшін жауаптылық белгіленеді. Сонымен қатар құжат мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалар шеңберін кеңейтеді, жақын туыстар мен өзге де байланысы бар адамдардың бірлесіп қызмет атқаруына қатысты шектеулерді күшейтеді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылау жүргізу тәртібін жетілдіреді.

Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілер жұмысқа қабылдану кезінде өздерінің жақын туыстары туралы мәліметтерді жариялауға міндетті болады.

Конституциялық Сот азаматтың Еңбек кодексінің 52-бабының 1-1-тармағының 2) тармақшасының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады, деп хабарлайды Tengrinews.kz Конституциялық Соттың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Аталған нормаға сәйкес, квазимемлекеттік сектор қызметкерімен жасалған еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасы бойынша, егер қызметкер сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған болса, бұзылуға жатады.

Азамат пара беру түріндегі сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылып, жұмыстан босатылған. Оған мемлекеттік ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қосымша жаза тағайындалған.

Өтініш берушінің пікірінше, дауланып отырған норма оның еңбек ету бостандығына қатысты конституциялық құқығын бұзады, өйткені ол электровоз машинисі болып жұмыс істеген және қазіргі уақытта өз мамандығы бойынша еңбек қызметін жалғастыру мүмкіндігінен айырылған.

Конституциялық Соттың ұстанымы

Конституциялық Сот бұл норманы қолданыстағы заңнаманың өзге де нормаларымен өзара байланыста қолдану қажет екенін атап өтті.

Атап айтқанда, Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа қабылдауға шектеу белгіленген.

Қылмыстық кодекске сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері болып мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және соларға теңестірілген адамдар танылады. Бұл адамдардың құқықтарын шектеудің айқындаушы өлшемі олардың қызметінің функционалдық сипаты болып табылады.

«Осылайша, дауланып отырған норманың квазимемлекеттік сектордың барлық қызметкерлеріне олардың функционалдық мәртебесін ескермей қолданылуы еңбек ету құқығын шектеу аясын мөлшерсіз кеңейтуге алып келеді», – делінген Сот хабарламасында.

Конституциялық Соттың қорытындылары

Тексеру қорытындысы бойынша Конституциялық Сот Еңбек кодексінің 52-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасын Қылмыстық кодекс пен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның нормаларымен өзара байланыста қарастыра отырып, келесі түсіндірмеде Конституцияға сәйкес деп таныды:

«Квазимемлекеттік сектор қызметкерінің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауы үшін жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын міндетті түрде бұзу тек мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғаларға қатысты қолданылады».

Үкіметке Конституциялық Сот қабылдаған қорытынды шешімді ескере отырып, заңнаманы жетілдіру мәселесін қарастыру ұсынылды.

Отырыс қорытындысы бойынша келесі шешімдер қабылданды:

1. Заңнамаға енгізілген өзгерістер мен Конституциялық Соттың ұстанымы туралы акпарат назарға алынсын.
2. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларына Ақмола облысының мәдениет басқармасы жанындағы «Көкшетау» мәдениет сарайы» МКҚК-ның барлық қызметкерлеріне қарастырылған акпаратты жеткізу тапсырылсын.
3. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жағдайда, бұл туралы дереу 1424 нөмірі бойынша хабарлау қажеттігі қызметкерлердің назарына жеткізілсін.

Төраға

Хатшы



А.Курманова

А.Биниева

Протокол
заседания коллектива ГККП «Дворец культуры «Кокшетау» при управлении
культуры Акмолинской области информирование коллектива о работе по
противодействию коррупции.

г. Кокшетау

«23» июнь 2026 года

Место проведение: «ГККП «Дворец культуры «Кокшетау» при управлении культуры Акмолинской области».

Председатель: Директор Курманова А.Н.

Секретарь: Администратор Биниева А.З.

Присутствовали: руководители структурных подразделений.

Повестка дня: информирование коллектива, о работе Антикоррупционной службы по борьбе с коррупционными проявлениями в обществе.

По вопросу повестки дня выступила председатель Курманова А.Н.:

Глава государства подписал закон "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции", передаёт Tengrinews.kz со ссылкой на Акорду.

Как сообщалось ранее, законом внедряется механизм предупреждения и урегулирования конфликта интересов, а также закрепляется ответственность за непринятие мер по предотвращению и урегулированию такого конфликта. Кроме того, документ расширяет круг лиц, приравненных к уполномоченным на выполнение государственных функций, усиливает ограничения, связанные с совместной службой близких родственников и иных связанных лиц, а также модернизирует порядок внутреннего антикоррупционного контроля в государственных органах и субъектах квазигосударственного сектора.

В частности, госслужащих обяжут раскрывать данные о близких родственниках при приёме на работу.

Конституционный суд рассмотрел обращение гражданина о проверке на соответствие Конституции подпункта 2 пункта 1-1 статьи 52 Трудового кодекса. Согласно данной норме, трудовой договор с работником квазигосударственного сектора по инициативе работодателя подлежит расторжению в случае совершения им коррупционного преступления, передаёт Tengrinews.kz со ссылкой на пресс-службу Конституционного суда.

Гражданин был уволен в связи с признанием его виновным в коррупционном преступлении – даче взятки. Ему назначили дополнительное наказание в виде пожизненного лишения права занимать должности в государственных организациях и субъектах квазигосударственного сектора.

По мнению обратившегося, оспариваемая норма нарушает его конституционное право на свободу труда, поскольку он работал машинистом электровоза, а в настоящее время лишён возможности продолжать трудовую деятельность по специальности.

Позиция Конституционного суда

Конституционный суд указал, что данную норму необходимо применять во взаимосвязи с другими нормами действующих законов.

В частности, подпунктом 2 пункта 2 статьи 26 Трудового кодекса установлено ограничение на трудоустройство в субъекты квазигосударственного сектора для лиц, совершивших коррупционные преступления.

К субъектам коррупционных преступлений Уголовным кодексом отнесены лица, уполномоченные на выполнение государственных функций, и лица, приравненные к уполномоченным на выполнение государственных функций. Определяющим критерием ограничений прав этих лиц является функциональный характер их деятельности.

"Таким образом, распространение оспариваемой нормы на всех работников квазигосударственного сектора без учёта их функционального статуса приводит к несоразмерному расширению сферы ограничения права на труд", - говорится в сообщении суда.

Выводы Конституционного суда

По итогам проверки Конституционный суд признал соответствующим Конституции подпункт 2 пункта 1-1 статьи 52 Трудового кодекса во взаимосвязи с нормами Уголовного кодекса и закона "О противодействии коррупции" в следующем истолковании:

"Обязательное расторжение трудового договора по инициативе работодателя за совершение работником квазигосударственного сектора коррупционного преступления применимо только в отношении лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций".

Правительству рекомендовали рассмотреть вопрос о совершенствовании законодательства с учётом принятого итогового решения Конституционного суда.

По итогам заседания принято решение:

- 1.Принять к сведению результаты изменения в законодательстве и также позицию Конституционного суда.
- 2.Руководителям структурных подразделений довести до сведения всех работников ГKKП «Дворец культуры «Кокшетау» при управлении культуры Акмолинской области» изученную информацию.
- 3.Довести до сведения при столкновении с проявлением коррупции, незамедлительно сообщать по номеру 1424.

Председатель

Секретарь



Handwritten signature of A. Kurmanova

Курманова А.

Handwritten signature of A. Biniyeva

Биниева А.